

НОВЫЕ ПОДХОДЫ В УПРАВЛЕНИИ
ПРОБЛЕМЫ, ПУТИ ИХ РЕШЕНИЯ
РИПК СО ПРЕДСТАВЛЯЕТ

БІЛІМ

БЕРУДЕГІ

**МЕНЕДЖМЕНТ
В ОБРАЗОВАНИИ**

КОМПЬЮТЕРИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
ИТОГИ РЕСПУБЛИКАНСКИХ МЕРОПРИЯТИЙ
БИБЛИОГРАФИЧЕСКИЙ ДАЙДЖЕСТ

2/99

ТИРЕК-СЫЗБАСЫНЫң ОҚУШЫ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Әміртаева Р.К.,
Қамаева С.

Оқыту процесінде оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру, барлық пәндерден терендетіп жүйелендіріп оқытуды қажет ететін тіл мен грамматика сабактарында өр алуан әдістер қолданылады.

Осы негізде жеке тұлғаны дамыта оқытуда көрнекіліктің алатын орны ерекше.

Сол көрнекіліктің бірі - тірек-сызбасы.

Оқу процесінде тірек-сызбасын пайдаланудағы мақсатымыз - өмір талабына сай оқушыларды дамыта оқыту, шығармашылыққа, нақтылы тұжырымдауға, жетелей отырып, қазақ тілінен терен, жинақы білім алуға үйрету және қалыптастыру.

Фонетика саласы дыбыс пен өріпті оқыту әдістемесін зерттейтін болғандықтан, бастауыш сынып оқушыларына негізгі білімдік мағлұмат пен практикалық дағды біршама жеткілікті беріледі.

Қазақ тілі бастауыш курсында дыбыс, өріп, олардың мәні, жазылу емлесі, алфавит, буын және тасымал жайлары бастапқы үғымдармен танысады. Әліппені өту кезеңінде сөзді, буынды талдау жолымен дыбыстарды ажыратып үйренеді. Мұнда да тіл дыбыстарының бір-бірінен өзгешелік үлгілерін толық тани қоймайды. Өзіндік айырмашылықтарын білудің балаларды сауаттандыру үшін де, грамматика мен емлені жетік менгеру үшін ауызша және жазбаша тіл дамыту үшін де маңызы күшті.

«Дыбыс пен өріп» тақырыбы ең негізгі мәселе ретінде бірінші сыныптан оқытылып, бастауыш буында ол менгерілген білік пен дағды терендетіліп, бекітіле түседі. Оқушыларға үйретілген алғашқы ғылыми үғымның дұрыс болуына айрықша жауапкершілікпен қарау керек, өйткені психологиялық бір ерекшелік – ең алғашқы алған әсерін (көргенін, істегенін, үғынғанын...) қатерінде ұзақ мезгіл сақтай алатындығы.


Ал сабакта қолданылатын көрнекіліктің басты қызметі тілдік үғымдарды түсіндіруді женілдетуге, зерделерінде берік


сақталуына, елестету қабілетінің дамуы мен теориялық білімнің практикамен байланысын нығайтуға берік негізін қалайды. Тірек-сызбасының жұмыс процесінде қол жеткізетін нәтижесі:

- а) сабакқа деген қызығушылығы, белсенділігі артады;
 - ә) өз бетімен жұмыс істеу қабілеті өседі;
 - б) өз ойларын еркін, ашық, сауатты айтуда дағдыланады;
 - в) сөйлеу мәдениетін қалыптастырумен қатар теориялық мді игеруді оқыған материалды қайталауды жүзеге асырып, критикала пайдалана білуге дағдыланырады.

Тірек-сызбасын сабакта эвристикалық өдіспен өткізген ұтымды. Олай дейтініміз бұл сызба окушының өз күші мен қабілетіне сенімін нығайтуға көмектеседі. Тірек-сызбасындағы фонетика саласына байланысты окушылармен жүргізілген жұмыс түрлерін ұсынбақпзы.

Фонетика – сөздердің дыбысталу жүйесін зерттейді.






Дауысты дыбысты айтқанда үн ауда кедергісіз еркін шыгады.

Дауысты дыбыс 3 топқа, 6 түрге бөлінеді. Бұл дыбыстар ауыз қуысындағы тіл, жақ, еріннің қатысуымен айтылады.

Тіл қатысына қарай бөлінеді:




Жуан дауысты дыбыс тілдің ортасы көтеріліп артқа жылжусы арқылы айтылады (тіл арты дауыстылар): *a, o, ү, ы*.

Жіңішке дауысты дыбыс тілдің үшін ілгері жылжып, алға созылуы арқылы айтылады (тіл алды дауыстылар): *ө, ө, ү, i, e, э, и*.

Жуан, **жіңішке** дауыстардың араласын келуі арқылы да жасалады. Мысалы: *кітап*, *біраз*, *Әуезов*, *т.б.*

Жақ қатысына қарай болінеді:




Ашық дауысты дыбыстар жақттың кең ашылып, ауаның еркін шығуы арқылы айтылады: *a, ө, o, ө, e, э*.

Қысаң дауысты дыбыстар жақтың сөл ашылып, ауа қысылып шыгуы арқылы айтылады: ү, ү, у, ы, і, и.

Азық тен қысаңның араласып келуі арқылы да жасалады. Мысалы: жарық, толық.

Ерін қатысина қарай болінеді:



Еріндік дауыстылар еріннің дөңгеленіп, ілгері созылуы арқылы айтылады: ү, ү, ы, ы.

Езулік дауыстылар езудің кері тартылуы арқылы айтылады: а, ә, е, ы, і, э.

Қазақ тілінде 25 дауыссыз дыбыс бар. Олар: б, в, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, р, с, т, ф, х, һ, ц, ч, ш, ў.

Дауыссыз дыбыстарды айтқанда үн ауыз мүшелерінің кедергілеріне ұшырайды.

Дауыссыз дыбыстар: қатаң, ұян, үнді болып болінеді.




П-б, т-д, ф-в, к-ғ,
қ-ғ, с-з, ш-ж

Б у ы н

Сөздің дауысты дыбыстың қатысымен бөлініп айтылатын бөлшегі бұ ы н деп аталады.

Буын: ашық, түйық, бітей және аралас болып бөлінеді.



Бір дауысты дыбыстың өзінен немесе дауыссыз дыбыстан басталып, дауыстыға аяқталған дауысты дауыстың дауыссызға аяқталғанды айтады.

Дауыстыдан басталып, дауыссызға аяқталған буынды айтады.

Дауыссыз дыбыстан басталып, дауыссызға аяқталған буынды айтады.

Мысалы: ана, әке аң, із, оп тон, шаң, дәм, дәурен

Бітей буын төрт дыбыстан да құралуы мүмкін. Мұндай бітей буынның соңғы екі дыбысы дауыссыз болып келеді.

Мысалы: қант, бұлт, жүрт, т.б.

У, й, н дыбыссыздарынан басталатын буындар.

Екі дауысты дыбыстың арасында келсе, й, н, у дыбыстары екінші буын басында айтылады және жазылады.

Мысалы: қа-ыйқ, же-ніс, да-уыл, кү-ыйн, т.б.



Бір сөздің құрамында ашық, түйік, бітеге буын араласып келіп, аралас буын жасайды.

Мысалы: ұс-та-лар, сы-лақ-шы, т.б.

Екі дауыссыз дыбыс қатар келген аралас буынды сөздер болады: жа-ңылт-паш, құ-мырс-қа, ке-сірт-ке, жұ-мырт-қа, т.б.

Тасымал

Сөздің жолға сыймаған бөлігін келесі жолға көшіру **тасымал** деп аталынады. Тасымал буын жігінен тасымалданады. Сөздің соңғы буындары дефис (-) арқылы тасымалданады.



а) Бір дауысты әріпті жол соына қалдырып, сөздің қалған бөлігін тасымалдауға болмайды: *әке, ана, Отан*, т.б.

ә) Сөздің ең соңғы дыбысы бір дауысты әріpten тұратын буындарды тасымалдауға болмайды: *Жәния, қария, армия*, т.б.

б) Бас әріpten қысқарған сөздер тасымалданбайды: *МАИ, ЕЭС, ГЭС, ҚазМУ*, т.б.

в) Қысқартылып алған кісі аттары тасымалданбайды: *Н.Ә. Назарбаев, Ы. Алтынсарин, А. Байтұрсынов*, т.б.

г) Цифрдан кейінгі қосымшаны тасымалдауға болмайды: *см, т, мм, га, кг, км*, т.б.

Тасымалдауға болатын сөздер

Екі буынды


Көп буынды

Мысалы: ер-лік

ба-ла-пан-дар, т.б.

Бала білімін тест арқылы тексеру


I-нұсқа



- a) Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратып жаз.
- ә) Сөйлемдегі сөздердің дауыссызы дыбыстарын теріп жаз:
Сәндібаланның қуанышы қойына сыймайды.
- б) Мақалды оқып, жатқа жаз. Жуан дауысты дыбыстардың астын сыз.

*Кітап – білім бұлагы,
Білім - өмір шырагы.*

II – нұсқа



- а) Сызбадағы көрсетілген дыбыстардың тілдің қатысына қарай түрлерін ажырат.

ә) Жақтың қатысына қарай бөлінеді:

1 2

Ұста, үйым сөздеріндегі ашық дыбыстың астын бір, қысан дыбыстың астын екі рет сыз.

б) Арпа, қысқа, тиін, тауық сөздеріндегі ашық және қысан дыбыстарды ажыратып жаз.

III – нұсқа

а) Е р і н д і к:

Е з у л і к:

Үлгі бойынша берілген дыбыстарды ажыратып жаз.

ә) Көмір, километр, жусан сөздеріндегі еріндік, езулік дыбыстарын ажыратып жаз.

б) 16 – желтоқсан Тәуелсіздік күніне 3 жыл толу мерекесін өткіздік.

Сөйлемдегі еріндік, езулік дыбыстарын тауып жаз.

Е р і н д і к:

Е з у л і к :

в) Берілген сөйлемдегі сөздерге дыбыстық талдау жаса:

Туган елім - Қазақстан.

Дауыссыз дыбыстар

I – нұсқа

а) Қ а т а ң:

Ұяң:

Ұнді:

Дауыссыз дыбыстардың турлерін ажыратып жаз.

ә) Сөйлемдердегі қатаң, ұяң, ұнді дыбыстарын теріп жаз.

Қазақстан Республикасы 1991 жылы өзінің тәуелсіздігін жарияладап, дербес мемлекет болды.

Қатаң:

Ұяң:

Ұнді:

б) Оқу – білім бұлағы,

Білім - өмір шырағы.

Қарамен жазылған сөздерге дыбыстық талдау жаса.

Үлгі: о -, к-, у -.

в) Сөздер ойлап жаз, дыбыстық талдау жаса.

Сыңар дауыссыз дыбыстар

II – нұсқа

а) Көп нүктенің орына п, б өріптерінің тиістісін қойып жаз:

Шта... клу... жа ... се... мекте ... шө...

ә) и дыбысына аяқталған сөздерге у жалғанғанда қалай өзгереді?

Үлгі: теп-тебу ..., жап- ..., қап- ..., тап - ...

Қандай ереже шығаруға болады?

б) Көп нүктенің орына қ, ә өріптерінің тиістісін жаз

Балаға бай ... ал сөйлесен,

Ақыл ... а көнер.

Бай ... амай шай ... ал сөйлесен,

Көрсетер бір “өнер”

в) Анаңа ауыр сөз айтпа,

Атыңа ауыр жүк артпа.

Дауысты дыбыстарды бірыңғай дауыссыз дыбыстарды бірыңғай теріп жаз.

Б у ы н

I-нұсқа

а) Төмендегі сөздерді буынға бөліп жаз.

Төүелсіз, рәміз, қадірлеу, ынтымақ.

ә) Ата, жалт, он, таң, сүт, жүйрік, біз, жузім, жолдас, жел, т.б.

Берілген сөздердің ішінен ашық, түйық, бітеу буынды сөздерді ажыратып жаз.

А ш ы қ;

Т ү й ы қ;

Б і т е у:

б) *Мейіз, мүйіз, теңіз, семіз, кеңес, қауып, дауыл, бауыр*
сөздерін буынға бөліп жаз.
у, й, ң дыбыстары бар сөздер қалай буынға бөлінеді?
Қандай ереже шығаруға болады?

II – нұсқа

а) Бір буынды сез:

Көп буынды сез:

Бір буынды және көп буынды сөздерді ойладап, ажыратып жаз.

Жазылған сөздердің қай буыны тасымалданады?

Ә) Ою, қоян, аю, үя, сия, т.б. сөздері тасымалдана ма, неліктен?

б) Екі буынды сөздерді жаз және буынға бөл.

Т а с ы м а л

I-нұсқа

а) Төмендегі берілген бір буынды екі буынды көп буынды сөздерді теріп жаз.

Аяз, ага, күш, жеміс, бауырлас, туысқан, етік, бөкебай,
сынып, өзе, дидарласу, жетіген, т.б.

Ә) Өзе, бауырсақ, га, дәуір, қогам, ою, тай, қауымдас, км,
A. Байтусынұлы, сыйайлас, өмір, т.б.

Берілген сөздердің ішінен тасымалданатын және тасымалдауға болмайтын сөздерді ажыратып теріп жаз.

Т а с ы м а л д а н а т ы н:

Т а с ы м а л д а н б а й т ы н:

б) Бас өріптен қысқарған сөздер: МАИ, ГЭС, т.б.

Қысқартылып алғынған кісі аттары Т.К. Оспанов, А. Құнанбаев тасымалдана ма? Қандай ереже айтуға болады?

Екінші сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, ғылыми түрғыда жүйелендіріп жүргізуде дыбыс ерекшеліктерін тірек – сызбасы арқылы менгертуге болатындығы дәлелденді.

Бұл әдістеме лексика, морфология, синтаксис саласының жүйелі түрде оқытылуымен жалғасады.